

Дидактикалық ойындар қоржыны – бұл мемлекеттік тілді меңгеруге деген танымдық қызығушылығын арттыруға қажетті құрал.




*«Ойын ойнап ән салмай,
Өсер бала бола ма?»*

А.Құнанбаев



Мақсаты: Дидактикалық ойындар арқылы пәнге қызықтыру, логикалық ойлау қабілеттерін дамыту, таным әрекетін қалыптастыру, тиянақтау, пысықтау, тіл үйренуге деген қызығушылығын ояту, белсенділігін арттыру, сөздерді орынды қолдану дағдыларын жетілдіре отырып алған білімді тексеру сөйлеу мәдениетіне тәрбиелеу.



Міндеттері:

Ойын барысында қойылған сұрақтарға саналы түрде және дұрыс жауап беруге үйрету.

Ұсынылған ойын тапсырмаларды дұрыс орындау; не істегені туралы айтып беруге үйрету.

Диалог түрінде сөйлесу дағдыларын дамыту.

Ойын арқылы логикалық ойлау қабілеттерін жетілдіру.

Балалардың қазақ тілі туралы танымдық қызығушылықтарын арттыру.

Мұғалім нұсқауларын түсініп орындауға жаттықтыру.


Сөз тіркестерін, сөзжұмбақ, сөздік ойындарын түсініп жауап бере білуге дағдыландыру

Қазақ тілінде бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.



***Дыбыстарды айтудың артикуляциялық аппаратын әзірлеу.
Балаларды анық, асықпай барынша қатты айтуға үйрету,
сөздің қарқыны мен ырғағын бақылау;***

- *Сөздің дыбысталу жағын жүйелі түрде дамыту, есту тілдік демалыс, айтылым аппараттары;*
- *Дауысты және дауыссыз дыбыстарды дұрыс айтуға қалыптастыру;*
- *Суреттер бойынша, ойыншықтар туралы қысқа өлендерді айтуға тәрбиелеу;*
- *Сөздің мәнін түсіну үшін балаларды өзара әңгімелесуге тарту.
Ертегі, әңгіме желісіндегі сөйлеу интонациясын үлкендердің көмегімен айтуға тәрбиелеу.*



Ойын:



Тәрбие құралы, ақыл ойды кеңейтеді, тілді ұстартады, өмірді таниды, сезімін кеңейтеді

Ерік және мінез қасиеттерін бекітеді, адамгершілік сапаны жетілдіреді.


Еңбек тәрбиесін беру мақсаттарын шешуге мүмкіндік береді.

Эстетикалық тәрбие беру құралы.

Бірінен бірі ептілікті үйренеді, өзінің денесін нығайтады.

Ұжымдық сезім әрекеттері өсе түседі





Дидактикалық ойын түрлері:

- *Ойыншықпен ойналатын ойындар.*
- *Үстел үстінде ойналатын ойындар.*
- *Сөздік ойындар.*



Мектеп жасына дейінгі баланың дамытатын өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс-әрекеті ойын. Ойын арқылы бала өзінің қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдардың еңбегімен қарым-қатынастармен танысады. Халқымыз ойындарды тек балаларды алдандыру, көңілін көтеру әдісі деп қарамай жас ерекшеліктеріне сай олардың көзқарастарын мінез-құлықтарын қалыптастыру құралы деп ерекше бағалаған.



- Ойынды бастамас бұрын педагог бала бойындағы қызығушылығын, ойынға деген талпынысын арттыру керек. Балалар ойынның күнделікті сабаққа қарағанда көңілдірек болатынын, күнделікті сабақ арасындағы дидактикалық ойынның маңыздылығын түсіне бастайды.
- Дидактикалық ойынның ұзақтығы маңызды. Егер де ойын ұзаққа созылса балаларды жалықтырып, қысқа болса ойын мазмұнына түсінбей қалады.
- Педагог ойынды ұйымдастырғанда көп іркілмей анық, қысқа түсіндіру қажет.
- Сондықтан ойынға сәйкес жұмбақ, жаңылтпаш, тақпақ, мақал-мәтелдер, түрлі сөздерді де пайдаланып отырған жөн.
- Көптеген дидактикалық ойындар балалардың жеке-дара ойнауына арналған: мысалы /мозайка, пирамида/. Олар баланың дербестігін, аңғарғыштығын арттыра отырып, өздігімен еңбек етуге жетелейді.



Дидактикалық ойын түрлері:

Заттық дидактикалық ойындар

Бұл ойын әртүрлі ойыншықтармен және әртүрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

«Жаңылтпашты тез айт», «Фонетикалық жаттығулар», «Мақалды жалғастыр» т. б.


Сөздік дидактикалық ойындар, яғни ауызша ойналатын ойындарға әр топтың жас ерекшеліктеріне байланысты ойындар іріктеледі, сондай - ақ тапсырмалар арқылы балалардың білімін тереңдете түседі және сөздерді дұрыс айтуға, есте сақтауын дамытуға көмектеседі.



«Ғажайып қоржын».

Тақырып бойынша әр түрлі заттарды қоржынға салуға болады.

- Ойын балаларды ортақ мақсатқа, ұжым намысын қорғауға, оның табысына ортақтасуға тәрбиелейді**



*Ұжымдық ойындарда бала жолдастық мәні неде екенін түсіне бастайды.
Ұжымдық ойындар баланың моральдық, эстетикалық сезімдерің қалыптасуына да әсер етеді.
Сонымен қатар ойын тынысы кең, алысқа меңзейтін, ойдан ойға
жетелейтін, адамға қиялы мен қанат бітіретін осындай гажайып нәрсе.*



Осы мақсат пен міндеттерді негізге ала отырып, өзге ұлт балаларына қазақ тілін үйретуде тек қана жаңа сөздерді қайталау арқылы үйретпей, оларды ойындар мен көрнекіліктер арқылы үйреткен тиімді.

Ойын мен көрнекілік-балалардың тілді үйренуге деген сенімін оятады.



Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, бүкіл өміріне ұштаса береді. В.А.Сухомлинскийдің сөзімен айтқанда: «Ойынсыз ақыл-ойдың қалыпты дамуы да жоқ және болуда мүмкін емес».



Ойын дүниеге қарай ашылған үлкен жарық терезе, ол арқылы баланың рухани сезімі жасампаз өмірмен ұштасып, өзін қоршаған ,дүние туралы түсінік алады.



*Балаларды өжеттілікке, батылдыққа, шапшандыққа, ептілікке,
тапқырлыққа,
байсалдыққа үйрететін –осы ойын.*



«Қиындыны құрастыр, пішіндерді ата».
Пішіндерге қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттықтыру



Ойынды сабақтың барлық кезеңінде ойнауға болады. Мәселен, жаңа тақырыпты ойын арқылы меңгертуде небір жақсы нәтижеге жетеріңіз анық. Өтілген материалды бекіту және қортындылау кезінде балаларға бұрыннан таныс ойынды ойнату арқылы біз балалардың пәнге деген қызығушылығын оятып, сабақты жандандырып, балаларды ынталандыра түсетіміз айғақ.



Жұмбақтар

Мақал-мәтелдер

Жаңылтпаштар

Ребустар

Фонетикалық жаттығулар



*Ұлы Абай «Туғанда дүние есігін ашады –өлең, өлеңмен жер қойнына кірер денең»,
- деген сөз осының айғағы.*

*Маң-маң басқан, маң басқан,
Шудаларын шаң басқан.
Төрт аяғын тең басқан....*

*Жан-жануарлардың, өсімдік дүниесінің тылсым сырларын, өзара байланысын
аңгімелейтін тақпақ, жұмбақ өлеңдер де баланы әрі әсемдік әлеміне бойлатып, әрі
табиғат құбылыстарын тануға септескен. Енді бір өлеңдер, балаларға сан үйретуге
арналған санамақтар:*

*«Бір дегенің білеу...», «Қуыр, қуыр қуырмаш....», жаңылтпаштар нағыз тіл ширату
емтиханы болып саналады.*

*Халықтың өмір тәжірибиесін, жақсылық пен жамандық туралы ұғымын жетілдіруде,
«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» әрі қысқа, әрі нұсқа ететін гизрат сөздер
мақал-мәтелдердің де тілдің дамуына қосатын орны ерекше. Өзінің мазмұнын және
құрылысы жағынан балалардың жас ерекшелігіне, мінез - құлқына, психологиясына
негұрлым жақын келетін жанр-ертегілер. Міне, осы ауыз әдебиеті үлгілері арқылы
баланың ой-өрісі,
тілі дамып, өз ойын алтын сапқа қаптаған.*







Балабақшада қазақ тілін үйретудегі сөздік жұмысын қоршаған ортамен, күнделікті өмірмен тығыз байланыстырып жүргізу, жаңа сөздер қамтылатындай әртүрлі ойындар ұйымдастыру: сөздік, дидактикалық, қимылды, оқигалы желіс ойындарының шарты тіл ұстарту мақсатымен ойнатылады; көру, есту, тыңдау, қайталау, есте сақтау, жаттау қабілеттерін жетілдіріп отыру;

Тіл дамыту жұмысының дұрыс іске асуының кепілі. Сөздік жұмысында сурет бойынша әңгіме құрастыру, тірек сөздерді қолданып сөйлем құрау, сурет арқылы әңгімелеу –логикалық және грамматикалық заңдылықтар бойынша құрылған, белгілі бір тақырыпта аяқталған ойды білдіретін және өзара байланысты бөліктерден тұратын біртұтастықты сақтау қарастырылды.







II-кіші , ортаңғы топтарға арналған оқу іс-әрекеті бойынша ойын түрлері:

«Танысу», «Тыңда, көрсет, қайтала», «Кім тапқыр», «Есіңе сақта»,
«Ғажайып қоржын», «Сұрақ-жауап», «Мен бастаймын, сен қошта»,
«Суреттер сөйлейді», «Орналастыр», «Сенде не бар?», «Киім дүкені»,
«Мұрын, мұрын, мұрын...», «Даусынан таны», «Дауыс қайдан шықты?»,
«Жанды ойыншықтар», «Бұл қай мезгіл?», «Қайталамақ», «Дәмді ойын»,
«Кемпірқосақ түстері», «Суреттерді құрастыр», «Ханталапай», «Көңіл күй»,
«Дұрыс қайтала, көрсет», «Мен секілді қайтала», «Топта не бар?»,
«Кім көп айдады?», «Жалғастыр», «Кім тез көрсетеді?», «Айтқанды істе», «Ғажайып
сандық», «Кім тез байқайды?», «Дүкен», «Қайтала, көрсет»,
«Тапсырманы орында», «Сыңарын тап»,



Баланың ауызша сөйлеген сөздерін тыңдап, өзіне қойылған сұраққа диалог түрінде жауап беруге үйрету.

«Қажет суретті тап»

Мақсаты: Логикалық ойлауға үйрету, күн режиміне қажет іс-әрекетті есіне қай кезде не істелетіні жөнінде сөйлем құрап айтуға үйрету. түрлі жаттығу жұмыстарын өздігінен орындауға жаттықтыру.

«Пішіні ұқсас заттарды тап»

Мақсаты: Түрлі заттарды пішініне қарай ажырата білуге үйрету. Сөзбен атап айтуға жаттықтыру, сабақта алған білім дағдыларын тиянақтау.

«Нені қайдан алуға болады»

Мақсаты: Адамға қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету.

«Көңілді доп»

Мақсаты: Балалар допты бір-біріне лақтыру арқылы ойыншықтардың атауларын атайды.



Ересек топқа арналған оқу іс-әрекеті бойынша ойын түрлері

«Математикалық әлем», «Сұрақтар», «Отбасы», «Кім жоқ?», «Мынау кім?», «Үй жануарларының төлдерін ата», «Дыбысынан таны»,

«Бұл не?» «Полиглот», «Көңілді доп», «Кім көп сөз біледі?», «Жыл мезгілдері», «Ойлан тап», «Кім тапқыр?», «Дұрыс жұптастыр»;

«Балабақшада кім жұмыс істейді?», «Санау», «Қай сөз артық», «Телефон», «Сөйлем құрау», «Сөз ойлан, тез ойлан»,

«Жабайы аңдармен үй жануарларын ата», «Көкөніс пен жемісті сипатына қарай тап», «Себетке сал», «Сөз құрау»,

«Қиындыны құрастыр», «Біз аспазбыз», «Бұл не?»,

«Үлкен ,кішкентай», «Геометриялық пішіндерді ата»



Қазақ тілінен білімдерін жетілдіру , өткен тақырыптар бойынша сөздік қорларын бақылап,қарапайым сөйлемдер құрастыру, диалог түрінде әңгімелесу,сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту халық педагогикасын насихаттай отырып қазақ тіліне деген құрметпен қызығушылыққа тәрбиелеу.

«Отбасы», «Мынау кім?»- деген сұраққа жауап береді. Балалар көрсеткен суреттер тақтаға ілінеді. Балалар көзін жұмған кезде бір суретті алып «Кім жоқ?» деген сұраққа балалардан жауап алынады.

«Кім көп сөз біледі?»; Қанша сөз айтады сонша асық беріледі.

«Төрт түлік малдың төлдері қалай аталады?»

«Төрт түлік мал қалай дыбыстайды?»

«Дұрыс жұптастыр»; Бір топ жануарларды өздері жақсы көретін азықпен, екінші топ жануарларды төлдерімен қосады.

«Телефон»; екі бала бір-бірімен телефон арқылы сөйлеседі.

«Көкөніс пен жемісті сипатына қарай тап»; Мен кез келген жемісті, не көкөністі сипаттаймын сендер жауабын айтасыңдар.

-Домалақ, тәтті, шырынды,қызыл...../алма/

-Сонақ, жасыл, дәмді/қияр/

- Сары, жасыл тәтті, шырынды шам тәрізді...../алмұрт/



Тиімділігі:

Жүйелі іс-әрекеттің ұйымдастырылуы

Дербестік жұмыс жасай білуі

Қарапайымнан күрделіге қарай өтуі

Зейінділік, есте сақтау қабілеттерінің дамуы

Жағымды көңіл-күйдің артуы

Сөздік қорларының дамуы

Шығармашылық қабілеттерін дамыту



Нәтиже:

Жетістікке жету жолын және тәсілін іздейді

Оқиганы, іс-әрекетті ретімен айта біледі

Өз тәжірибесін қолдана біледі


Нәтижеге жетуге тырысады

Дербестік

Тапсырманың дұрыстығын тексереді


Қорытынды, тұжырым жасай біледі





Дидактикалық ойынның нәтижесі қандай жолмен болса да өтеу емес, балалардың білімді игеру, ақыл-ой қызметін дамытуда, өзара қарым-қатынас жасауда жеткен жетістіктерінің көрсеткіші. Дидактикалық ойындарда да балалардың алдына қандай да бір міндеттер қойылады, оларды шешу үшін назарды жұмылдыру, ерікті зейін қою, ережені ой елегінен өткізе білу балалардың түйсіну және қабылдау қабілетін дамытуға, ұғымдарын қалыптастыруға, білімді меңгеруіне көмектеседі.

Ағартушы ұстаз Ы.Алтынсарин өзінің көптеген еңбектерінде таным әрекетінің негізі- оқу, білім деп тұжырымдайды. Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да болады оқу мен білімінің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын- да ойын әрекеті болып саналады. Орыс педагогы В.А.Сухомлинский: «ойын баланың алдында өмір есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін дамытады, ойынсыз ақыл-ойдың қалыптасуы мүмкін де емес»- дейді.

A vibrant autumn landscape with a winding road, colorful flowers, and houses under a bright sky. The scene is filled with warm colors like orange, yellow, and red, suggesting a sunny day. In the foreground, there are several large, detailed red roses with green leaves. The background features a winding road, a fence, and various flowers including pink and white daisies. In the distance, there are houses with red roofs and a small white tower, all set against a bright, cloudy sky. The overall mood is cheerful and celebratory.

**Назарларыңызға
рахмет!**